

Астрахан ауданының аумағында азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 140 қаулысы. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 маусымда № 1-6-123 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 34 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2011.01.19 № 34 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19 бабына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығына, «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 қаулысына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес,
Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Астрахан ауданы аумағында шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі еркек азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында «Ақмола облысы Астрахан ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру

ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. № 1 қосымшаға сәйкес, аудандық шақыру комиссиясы құрылсын.

3. № 2 қосымша бойынша, азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

4. Осы қаулы 2010 жылғы 16 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Қ.Қожахметке жүктелсін.

6. Қаулы Астрахан ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі
«КЕЛІСІЛДІ»

Р.Әкімов

«Ақмола облысы
Астрахан ауданының
қорғаныс істері
жөніндегі біріккен
бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

С.Кантемиров

«Ақмола облысы денсаулық
сақтау басқармасының жанындағы
«Астрахан орталық аудандық
ауруханасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналықты

кәсіпорнының бас дәрігері

Н.Сембаев

«Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрлігі
Ақмола облысы
Ішкі істер Департаменті
Астрахан ауданының
Ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Ж.Әбілмәжинов

Астрахан ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 20.05. № 140
қаулысына № 1 қосымша

Ескерту. 1 қосымшаға өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2010.09.03 № 251 қаулысымен.

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Кантемиров
Сергей Юрьевич

«Ақмола облысы
Астрахан ауданының қорғаныс
істері жөніндегі біріккен
бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығы, комиссия
төрағасы (келісім бойынша)

Потапчук
Светлана Николаевна

Астрахан ауданының
«Ішкі саясат бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
бастығы, төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері:

Досанова
Сауле Амангелдықызы

«Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрлігі
Ақмола облысы Ішкі істер
департаменті Астрахан
ауданының Ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесі
бастығының тәрбие кадрлар
жұмысы бойынша орынбасары

(келісім бойынша)

Құрманов
Елубай Садықұлы

«Ақмола облысы денсаулық
сақтау басқармасының жанындағы
«Астрахан орталық аудандық
емханасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының Жалтыр учаскелік
ауруханасының меңгерушісі,
медициналық комиссияның

төрағасы (келісім бойынша)

Қалиева
Тағура Гелманқызы

«Ақмола облысы денсаулық
сақтау басқармасының жанындағы
«Астрахан аудандық ауруханасы»
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
медицина бикеші, комиссия

хатшысы (келісім бойынша)

Астрахан

ауданы

әкімдігінің

2010

жылғы

20.05

№

140

қаулысына № 2 қосымша

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

р/с №	Ауыл округінің атауы	Шақырылуға жататындардың барлығы	Шақыруды өткізу күндері, комиссия жұмысының уақыты сағат 14-тен 18-ге дейін	
			16.04	19.04
1	Астрахан	142	42	
2	Бесбидайық	13		
3	Жалтыр	93		50
4	Есіл	14		
5	Жарсуат	1		
6	Каменка	11		
7	Колутон	5		
8	Қызылжар	34		
9	Николаев	30		
10	Новочеркасс	22		
11	Острогорка	13		
12	Первомай	34		
13	Старый Колутон	18		
14	Ұзынкөл	11		
	Барлығы:	441	42	50

кестенің жалғасы

Шақыруды өткізу күндері, комиссия жұмысының уақыты сағат 14-тен 18-ге дейін							
20.04	21.04	22.04	23.04	26.04	27.04	28.04	29.04
	50	50					
43							
					14		
			11				
				5			
			34				
				30			
					22		
				13			

						10			
							35		
								25	
								25	
						15			
									30
									20
							15		
50	50	50	50	50	40	44	50	50	50

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК